

«АСТАНА» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ
ҰСАҚ ДАУЛАР СОТЫНДА

15 ақпан 2024 жыл

№: AIFC-C/SCC/2023/0045 ic

Әсемгүл Алагөзова ханым

Талап қоюшы

қарсы

Бағазат Амантай мырзаға

Жауапкер

ШЕШІМ

Сот Судьясы:

Судья Чарльз Баннер КС

БҰЙРЫҚ

1. Талап қанағаттандырылды.
2. Жауапкер талап қоюшыға осы Бұйрық шығарылған сәттен бастап 14 күннің ішінде 7 348 445 теңге (6 700 000 теңге мөлшеріндегі шарттық залалдардан, сондай-ақ 240 945 теңге мөлшеріндегі тұрақсыздық айыбынан және 437 500 теңге мөлшеріндегі шығыстардан тұрады) төлеуі тиіс.

ШЕШІМ

1. Талап қоюшы бұл талапты медиациядан кейін Жауапкермен келісілген 2023 жылғы 22 маусымдағы келісімге ("Келісім") сәйкес беріп отыр.
2. Келісімнің 1-тармағына сәйкес, Талап қоюшы Жауапкерге тіркеу нөмірі 686AIG01 Lexus Is460 автомобилін ("Автомобиль") Келісімге *"кейіннен мынадай тәртіпте сатып алу шарттарымен қол қойылған күні:"* табыстауы тиіс болған.

Бұдан әрі - (а) тармақшасы, оған сәйкес Жауапкер Талап қоюшыға 2023 жылғы 30 маусымда 3 000 000 теңге беруі тиіс болған және (б) тармақшасы - оған сәйкес Жауапкер Талап қоюшыға 2024 жылғы 25 қаңтарға дейін тағы 3 500 000 теңге беруі тиіс болған, олай болмаған жағдайда п(а) тармақшасы бойынша 3 000 000 теңгені табыстау қайтарылмайтын болып саналуы тиіс болған.

3. Келісімнің 2-тармағында Жауапкердің Келісім жасалған күн (2023 жылғы 22 маусым) мен 1(а) тармақ бойынша міндеттеменің туындаған күні (2023 жылғы 30 маусым) арасындағы аралық кезеңде Талап қоюшыға күн сайын 20 000 аудару міндеті көзделген.
4. 3-тармақта бұл Автомобиль Жауапкердің атына 2024 жылғы 10 ақпанға дейін, Жауапкер Талап қоюшыға 1-тармаққа сәйкес 6 600 000 теңге төлегеннен кейін қайта тіркелуі тиістігі көзделген.
5. 4-тармақта Автомобиль 2024 жылғы 10 ақпанға дейін 3-тармаққа сәйкес Жауапкердің атына қайта тіркелмеген жағдайда, Талап қоюшының Жауапкерге 6 600 000 теңгені қайтаруы тиістігі көзделген.
6. 7-тармақта осы Келісімнен немесе онымен байланысты туындайтын кез келген дау АХҚО сотының айрықша юрисдикциясына жататыны көзделген.
7. Талап қоюшы Автомобиль Жауапкерге 2023 жылғы 22 маусымда Келісімге сәйкес берілді деп мәлімдейді, бірақ Жауапкер 1(а) тармағына, 1(б) тармағына немесе 2 тармаққа сәйкес төленуі тиіс ешқандай ақшалай қаражатты төлемеген.
8. Талап қоюшы Соттың мыналарға қатысты Бұйрығын сұрайды:
 - а. Жауапкерден Автомобильді Талап қоюшыға қайтару талапшарттары;
 - б. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – "Азаматтық кодекс") 353-бабына сәйкес 240 945 теңге мөлшерінде айыппұл төлеу; және

- с. осы талқылау бойынша 32 500 теңге сот бажынан, заңгерлік өкілдік ету үшін 1, 350 000 теңгеден және Сотқа ұсынылған құжаттарды аудару үшін 55 000 теңгеден тұратын шығыстарды төлеу.
9. Жауапкер АХҚО сотының Қағидаларында көзделген мерзімде немесе жалпы алғанда талап бойынша қарсылық берген жоқ.
 10. Талап қоюдың сомасы осы талап қоюды АХҚО соты қағидаларының 28-бөлігіне сәйкес АХҚО Ұсақ даулар сотының ("ҰДС") юрисдикциясының аясына түсетін ұсақ талап ретінде айқындайды.
 11. Бастапқыда сот нұсқаулар беріп, Талап қоюшының пікірінше, оған автокөлікті беруге Жауапкерді міндеттеуге Сотты құқылы ететін құқықтық негіздерді егжей-тегжейлі баяндауға Талап қоюшыға мүмкіндік берді және Жауапкердің осы баяндамаға жауап беруіне мүмкіндік берді. Талап қоюшы нақтылау тәртібімен қосымша материалдар ұсыну мүмкіндігін пайдаланды. Жауапкер жауап беру мүмкіндігін пайдаланбады.
 12. Содан кейін Талап қоюшы сұраған құқықтық қорғау құралдарының құқықтық негіздерін одан әрі зерттеу үшін Сот 2024 жылдың 30 қаңтарына тыңдаулар тағайындады. Талап қоюшының атынан Әсия Ибрагимова ханым сәтті өкілдік етті. Жауапкер қатысқан жоқ.
 13. Сотқа Жауапкер Келісімде көрсетілген мекенжайды пайдалана отырып, барлық кезеңдерде осы талап бойынша құжаттар мен нұсқаулар алып отырғаны туралы хабарланды. Ол Талап қоюшыға немесе Сотқа өзінің мекенжайындағы қандай да болмасын өзгерістер туралы хабарлаған жоқ.
 14. Сот Жауапкердің бұл талапқа жауап беруге жеткілікті мүмкіндіктері болғанына сенімді.
 15. Сот Талап қоюшы баяндаған, жоғарыда 7-тармақта келтірілген фактілерді қабылдайды.
 16. Тыңдаулар кезінде Сот Талап қоюшының Келісім бойынша төленуі тиіс сомалардың төленуін емес, Автомобильдің қайтарылуын неліктен талап етіп отырғанын сұрағанда, Ибрагимова ханым Жауапкер, болжанып отырғандай, көптеген борышкерлері бар болғандықтан қаржылық қиындықтарға тап болып отырғанын, сондықтан қазіргі уақытта ақшаны алуға жағдайы болмауы мүмкін екенін түсіндірді.
 17. Сот Талап қоюшының жағдайына түсіністікпен қарайды және өзінің шарттық міндеттемелерін өрескел бұзған, содан кейін осы іс жүргізуге қатысудан толығымен бас тартқан Жауапкердің мінез-құлқын айыптайды.
 18. Алайда, мұқият зерделегеннен кейін Сот Автомобильді қайтару талап етілетін Бұйрық Талап қоюшы үшін осы талқылау бойынша қолжетімді құқықтық қорғау құралы болып табылады санамайды. Жауапкердің Клісім бойынша міндеттемелері қаржылық сипатта болып табылады.
 19. Сот Талап қоюшының талапшартын 1(а)-(b) тармақтары бойынша тиесілі 6 500 000 теңгені, сондай-ақ 2-тармақ бойынша тиесілі 200 000 теңгені Жауапкердің төлеуі туралы Бұйрық түрінде баламалы құқықтық қорғау құралын қамтитын талап қою ретінде қарауға дайын. Бұл сомалар төленуі тиіс еді, бірақ төленбеген.

¹ Талап қою нысанында шығыстар бөлінісінде сот алымдары 32 500 теңге ретінде көрсетілген. Аппарат Сотқа іс жүзінде баж 45 000 теңге құрағанын хабарлады. Қалай болғанда да, Талап қоюшыға мәлімделгеннен көп шығыстарды ұйғару - әсіресе Жауапкердің талқылауға қатыспағанын ескере отырып - мақсатқа сай емес.

Егер Сот Талап қоюшының Автомобильді қайтару талап етілетін Бұйрық беру туралы өтінішін тек залалдарды өтеу ғана қолжетімді деген негізде, мұндай залалдарды өтеу туралы Бұйрық шығармай-ақ қабылдамай тастаса, Жауапкер шартты бұзудан және осы талқылауда жоқ болуынан пайда алар еді. Бұл АХҚО соты қағидаларының 1-бөлігінде баяндалған негізгі мақсатқа қайшы келер еді.

20. Азаматтық Кодекстің 353-бабына сәйкес мәлімделген тұрақсыздық айыбына келетін болсақ, ереженің тиісті бөлігінде былай делінген:

«Ақша міндеттемесін орындамау салдарынан біреудің ақшасын заңсыз пайдаланғаны не оларды төлеу мерзімін өткізіп жібергені, не оларды негізсіз алғаны немесе басқа адамның есебіне сақтағаны үшін тұрақсыздық айыпақы төленуге тиіс. Айыпақының мөлшері ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген базалық мөлшерлеме негізінде есептеледі. Борышты сот тәртібімен өндіріп алу кезінде сот несие берушінің таңдауы бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің қуыным жасалған немесе шешім шығарылған немесе іс жүзінде төленген күнгі базалық мөлшерлемесін негізге ала отырып, несие берушінің талабын қанағаттандыра алады. Егер заң құжаттарында немесе шартта айыпақының өзге мөлшері белгіленбесе, осы ережелер қолданылады.»

21. Жауапкердің тарапынан Шартты бұзу өзінің мәні бойынша "[Талап қоюшының] төлемді кешіктіруіне" тең. Сонымен, Талапкерге 353-бапқа сәйкес талап етілген айыппұл сомасын беру үшін *prima facie* негіз бар. Жауапкер бұны жалпы алғанда да, мәлімделген тұрақсыздық айыбының сомасына (240 945 теңге) қатысты нақты да даулаған жоқ. Сонымен, талаптың бұл бөлігі қанағаттандырылады.
22. Ақыр соңында, шығыстар туралы сұрақ туындайды. САХҚО сотының 26.9(2) қағидасына сәйкес, ҰДС шеңберіндегі талқылау бойынша шығыстар ақылға қонымсыз әрекет еткен тарапқа ғана ұйғарыла алады. Егер Жауапкердің толық болмауы себепті Талап қоюшының осы Сотқа жүгінуден басқа амалы қалмаса және егер Жауапкер талқылау басталғаннан кейін де белсенділік танытпауын жалғастырса, бұл ақылға қонымсыз мінез-құлық ретінде қарастырылуы әбден мүмкін. 2023 жылғы соңғы **Aurora Minerals Group LLP компаниясы APL Teksan Maden компаниясына қарсы** 41 іспен (2024 жылғы 17 қаңтар), 13-14 тармақтар, сондай-ақ онда бұдан бұрын келтірілген сот практикасымен танысып шығуды өтінеміз. Сонда баяндалған қағидаттарды қолдана отырып, Сот осы істе Жауапкер ақылға қонымсыз әрекет етті деген қорытындыға еш күмәнсіз келеді, сондықтан Талап қоюшының шығыстарды өтеу туралы арызы мәлімделген сома 437 500 теңгемен шешіледі.
23. Жауапкер бұл сомаларды Талап қоюшыға осы Шешім мен оған ілеспе Бұйрық шыққаннан кейін 14 күннің ішінде төлеуі тиіс.

Сот қабылдады,

Чарльз Баннер КС,
Судья, АХҚО Ұсақ даулар соты



Өкілдік ету:

Талап қоюшының атынан өкілдік етті г-жой Асией Ибрагимовой, ТОО «Юридический центр «VETO», Астана, Қазақстан.

Жауапкердің атынан өкілдік етілген жоқ.